

**«Кселл» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы  
жиналысының шешімімен бекітілді  
2020 жылғы 15 қаңтардағы № 14 хаттама**

**«КСЕЛЛ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ  
ДИВИДЕНД САЯСАТЫ**

## **1. Жалпы ережелер**

1. «Кселл» АҚ дивиденд саясаты (бұдан әрі - Саясат) Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Кселл» АҚ Жарғысына, «Кселл» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарына сәйкес әзірленген.
2. Қолданылатын анықтамалар

**Қоғам** - «Кселл» акционерлік қоғамы;

**Акционерлер** - Акцияларға иелік ететін тұлға;

**Акция** - «Кселл» АҚ жай акциясы/ғаламдық депозитарлық қолхат;

**Дивидендтер** - Қоғам акционерінің өзіне тиесілі акциялар бойынша Қоғам төлейтін кірісі;

**Акционерлердің жалпы жиналысы** – Қоғамның жоғарғы органы;

**Тіркеуші** - Қоғамның бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімдері жүйесін жүргізу бойынша кәсіби қызметпен айналысатын ұйым.

3. Акционерлерге дивиденд төлеу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қоғам Жарғысымен, Қоғам акцияларын шығару проспектісімен, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысының тиісті шешімдерімен реттеледі.

## **2. Дивиденд саясатының мақсаты мен негізгі қағидаттары**

4. Осы Саясаттың мақсаты - Қоғам мен акционерлердің мүдделерін теңдестіру, дивидендтер мөлшерін, оларды төлеу шарттары мен тәртібін анықтаудағы көзқарастың болжамдылығы мен ашықтығын қамтамасыз ету болып табылады.
5. Саясаттың негізгі қағидаттары:
  - 1) айналымдағы Қоғам акцияларының бүкіл пакеті үшін дивиденд төлеуді, сондай-ақ төлемдерді жүзеге асыруды қамтамасыз ету қағидаты;
  - 2) Қоғам қызметін қаржыландыруды, оның ішінде жаңа қызмет түрлерін және Қоғам есебінен іске асырылатын инвестициялық жобаларды қаржыландыруды қамтамасыз ету қағидаты.

## **3. Дивиденд мөлшерін анықтау тәртібі**

6. Дивиденд мөлшері Қоғамның қаржылық-экономикалық жағдайына байланысты, қаржылық тұрақтылық пен өтімділік көрсеткіштері негізінде анықталады.  
Дивидендтерді есептеу кезінде келесілерді ескеру қажет:
  - Қоғамның Қаржылық басқарма саясатына сәйкес таза ақша ағындары, Қоғамның таза кірісі, ақша қаражатының қозғалысы, кассалық қаражаттың және Қоғамның қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді қаржылық тәуекелдерін сипаттайтын ақша

қаражаттарының болжамдары болуы негізінде анықталатын Қоғамның кезеңнің аяғындағы қаржылық-экономикалық жай-күйі.

- Қоғамның инвестициялық саясат шеңберінде бекітілген инвестициялық шығындары.

7. Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғам Жарғысына және осы Саясатқа сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның тиісті кезеңдегі аудиттелген қаржылық есептілігінің нәтижелеріне сүйене отырып, өткен қаржы жылындағы, тоқсандағы немесе жартыжылдықтағы Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібі және жыл, тоқсан немесе жартыжылдықтағы дивиденд мөлшері туралы ұсыныс дайындайды.
8. Дивиденд төлеу және бір жай акцияға шаққандағы дивидендтерді бекіту туралы шешімді Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайды.
9. Қоғамның жай акциялары бойынша жылдық дивиденд мөлшері кемінде 50% (елу пайыз) және Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза ақша ағынының 100% -ынан аспайды (Операциялық және инвестициялық қызметтен түскен ақша ағындары).
10. Дивидендтерді төлеу Компанияның кредиторлар алдындағы қаржылық ережелерінің бұзылуына әкелмеуі тиіс.
11. 9 тармақты ескере отырып, дивидендтердің ең аз мөлшері өткен қаржы жылындағы таза кірістің 20% (жиырма пайызын) құрауы керек.
12. Акционерлердің жалпы жиналысы тоқсан немесе жартыжылдық қорытындылары бойынша Қоғамның акциялары бойынша дивиденд бөлу туралы немесе алдыңғы жылдардың бөлінбеген кірістерін бөлу, арнайы дивидендтер төлеу туралы, сондай-ақ басқа жағдайларда шешім қабылдауға құқылы. Дивидендтердің мөлшерін Акционерлердің жалпы жиналысы тиісті кезеңдер үшін пайданы бөлу тәртібін бекіту туралы мәселені қарау кезінде ерекше тәртіпте анықтай алады.

#### **4. Дивиденд төлеу тәртібі**

13. Акционерлердің жалпы жиналысының Қоғам акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы шешімінде дивиденд төлеуді бастау күні ретінде Қоғам акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылданғаннан кейінгі бірінші жұмыс күні көрсетіледі.
14. Дивидендтер Акционерлердің жалпы жиналысының тиісті шешімімен белгіленген мерзімде, бірақ акционерлердің жалпы жиналысы Қоғам акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі күнтізбелік тоқсан күннен кешіктірілмей төленеді.
15. Қоғамда қаржылық мүмкіндік болған жағдайда дивидендтер акционерлердің жалпы жиналысының тиісті шешімі негізінде бір траншпен төленеді.
16. Дивидендтер дивидендтер төлеу басталған күннің алдындағы күнгі дивиденд алуға құқығы бар Акционерлердің тиісті тізімінде көрсетілген тұлғалардың пайдасына ғана төленеді.
17. Заңды тұлға таратылған кезде Қоғамның акциялары мұраға өткен немесе иелікке берілген жағдайда дивидендтер Қоғамның жаңа акция иелерінің пайдасына төленеді.
18. Егер Акционерлердің жалпы жиналысының Қоғам акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылдаған күн мен дивиденд алуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күн аралығында дивидендтері төленбеген Акциялар олар бойынша жаңа иегердің дивиденд алу құқығынсыз иеліктен шығарылса, бұрынғы иегер Қоғамға

акцияларды иелік ету туралы келісімшарт көшірмесін дивидендтерді төлеу басталғанға дейін береді.

Кері жағдайда дивидендтер Компания акцияларының жаңа иесінің пайдасына төленеді.

## **5. Акционерлермен төленбеген дивидендтер бойынша есеп айырысу тәртібі**

19. Қоғамда немесе бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімі жүйесінде Қоғам акционерлерінің нақты деректемелері туралы ақпараттың болмаған жағдайында Акциялар бойынша дивидендтер акционерлерге талап етілмеген ақшаны есепке алу үшін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және мерзімде орталық депозитарийде ашылған шотқа төленеді.
20. Қоғамда немесе Қоғамның бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімі жүйесінде акционерлер туралы деректер болмаған немесе өзекті емес (қате) деректердің болуына байланысты акционерлердің жалпы жиналысында қабылданған тиісті шешімдерге сәйкес дивиденд алмаған акционерлер оларды алу үшін орталық депозитарийге хабарласулары қажет.
21. Бұрын төленбеген дивидендтерді алуға құқығы бар акционерлерді Қоғам Тіркеуші ұсынған құжаттар (ақпарат) негізінде ғана сәйкестендіріп анықтайды.

## **6. Дивидендтерді уақтылы төлеу үшін жауапкершілік**

22. Қоғамның дивиденд төлеуге байланысты барлық іс-шараларын дайындауды, келісуді және өткізуді Қоғам Басқармасы жүзеге асырады.
23. Дивидендтердің уақтылы төленуі үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның жарғысына сәйкес Қоғам Басқармасына жүктеледі.
24. Қоғамның бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілім жүйесінде жеке Акционерлерге дивиденд төлеу үшін қажетті ақпараттың болмаған немесе кейбір акционерлердің Тіркеушіні дивидендтерді төлеу үшін қажетті ақпараттың өзгергені туралы уақтылы хабардар етпеген жағдайында Басқарма дивидендтердің төленбегені немесе уақтылы төленбегені үшін жауап бермейді.

## **7. Қорытынды ережелер**

25. Осы Саясат осы тармақтың ережелерін ескере отырып, Акционерлердің жалпы жиналысы бекіткен сәттен бастап қолданысқа енгізіледі.
26. Осы Саясатқа белгіленген тәртіппен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысымен бекітілгеннен кейін күшіне енеді.